

## БЕКЕЖАНОВТАН ▯ БАСТАЛҒАН

Қызылорда об-лысында алғашқы ұжымдасып концерт қою жұмысы Сырдың ұлы перзенті, акын, әншілігімен танылған Нартай Беке-жановтан басталды. Нартай шығармашылығына үлкен шабыт берген 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің алғаш-қы онкүндігі еді. Бұл өнер байқауында оның таланты жоғары бағаланып, тал-гампаз Мәскеу қо-рермендерінің ыс-тық ықыласы мен жылы лебізіне ие болды.



Астанадан осылайша канат байлап елге оралған Нартай Шиелі тәңірегіндегі акын-жыршылар мен әнші-күйшілердің басын құрап, қо-ркемо-нерпаздар үйір-месін ұйымдастырды. Кейін осы қо-ркемо-нерпаздар үйір-месі ансамбльге, ансамбльден концерт-тік-эстрада-лық бюроға, сонында облыс-тық филармонияға айналады.

1938 жылы Қызылорда қаласында Шымкент облыстық драма театрының филиалы есебінде филармония ашылып, оның жанынан эстрада-лық концерт бригадасын жасақтау Нартай Бекежановқа жүктеледі. Нартай облыс көлеміндегі акын, жыршы, әнші, бишілерді жинап, есепке- алып, сыннан өткен таланттыларын өз бригадасына қабылдайды.

Кенес Үкіметі тарағаннан кейін штат саны қысқарып, филармония ұжымдарының концерттері тек облыс көлемінде ұйымдастырылды. Сонымен қатар, арнайы кестемен сырттан келетін ұжымдардың гастрольдері де азайды. Автоколлекторлардың, музыкалық, дыбыс күшейткіш аппаратураларының тозығы жетіп, есептен шығарыла бастады. Гастрольге шығу үшін автоколлекторлар жалға алынды. Соған қарамастан филармония өз жұмысын тоқтатпай жүргізе берді.

Коптеген өнер майталмандарының қанығын қатайтып, тарихта қалуына ықпал еткен өнер ордасы 1972 жылы 16 қарашада Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің №253 бұйрығымен Қызылорда облыстық филармониясы болып өз жұмысын жүргізе бастады.

## **ӨНЕРГЕ ҰН БЕРГЕН**

Бастапқы кезде әртістерді іріктеп, қабылдау, репертуарын бекіту, қажетті музыкалық аспаптармен, гастрольге қажетті қолмен қамтамасыз ету сияқты ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. 1975 жылдан бастап Алматы қаласындағы екі жылдық эстрада және цирк студиясының түлектерімен толықтырылады.

Филармонияның материалдық-техникалық базасын қалыптастыру, әртістердің әлеуметтік мәселелерін шешу жұмыстары біртіндеп қолға алынып, жолға қойылды. Сол кездегі тәртіп бойынша автоколлекторлар, қажетті аспаптар, музыкалық, дыбыс күшейткіш аппаратуралары орталықтандырылған ұйыммен Мәдениет министрлігі арқылы тікелей жіберілетін. Филармонияның жұмысы жыл өткен сайын бір ұйымға түсіп, қажетті дыбыс күшейткіш аппаратурасы мен автобустарын алып отырды.

Қазіргі таңда Сыр елі мәдениеті мен өнерін дамыту, халықты рухани азықтандыру, өнер иелерінің жаңа буының насихаттау, қолөнер мен ағарту өнерінің дамуына қажетті шарттар жасау мақсатында филармонияда барлығы 7 шығармашылық өнер ұжымы жұмыс істеп келеді. Олар: Түр-мағамбет атындағы халық аспап-тар оркестрі (оркестрдің қолөнер жетекшісі – С.Аблаев), «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі (қолөнер жетекшісі – Н.Нұрбай), «Сыр самалы» вокалды аспапты ансамблі (қолөнер жетекшісі – Ә.Мұстафаев), камералық оркестр (қолөнер жетекшісі – А.Жанбырбаева),

«Томирис» би ансамблі (қорқемдік жетек-шісі – Г.Мырзабаева), «Түран» триосы (топ мүшелері – А.Оттеуов, К.Зайтов, А.Кожаметов) және мектеп оқушылары мен бүлдіршіндердің мәдени іс-шараларға қолжетімділігін жүзеге асыру және облыстық филармония қорермендерінің контингентін кенейту мақсатында 2016 жылы «Әдемі» балалар музыкалық театр студиясы ашылды. Сонымен қатар, дәстүрлі орындаушылықты насихаттап келе жатқан жыр, терме, халық әндерінің орындаушылары мен эстрадалық вокал жанры бойынша жеке орындаушылар жұмыс істейді.

## **КАЗАҚ ОНЕРІН ШЕТЕЛГЕ ТАНЫТҚАН**

2013 жылдан бастап Қызыл-орда облыстық филармониясының өнер ұжымдары өңірдегі мерейлі мерекенің, елен өткізер жақсы жаналықтың басы-қасынан табылып гана қоймай, алыс-жақын шетелге шығып, казак өнерін насихаттай бас-тады.

Осы орайда, бұрынғы аймақ басшысы Қырымбек Қошер-баевтың ерекше қолдауын атап өту керек. Экс-облыс әкімінің мәдениет пен өнерге деген қамқорлығы мен шығармашылыққа деген зор ықыласының арқасында филармония ұжымы мен жалпы Сыр өңірінің өнерпаздары гастрольдік қор-жигің кенейтті. Мәселен, өнер ордасы АҚШ-тың Нью-Йорк, Вашингтон сынды ірі қалалары, Түркия мемлекетінің Стамбул, Анкара, Ескішехир, Болу, Амасия, Қастамону, Ақсарай, Ресейдің Мәскеу, Қазан, Орынбор, Астрахан, Өзертбайжанның Баку, Шеки, Озбекстанның Ташкент, Навои, Ұлыбританияның Лондон, Араб Әмиратының Абу-Даби қаласы, Балқан түбегіндегі Босния-Герцеговина, Сербия, Венгрия мемлекеттеріне барып қайтты. Гастрольдік сапар- Тамды, Үшқұдық, Кенемех аудандары тұрғындарына, Кенемех ауданы орталығында жыршы-термешілердің экс-педициялық концертімен жал-ғасты.-

Сонымен қатар, Қырымбек Елеуұлының тікелей қолдауымен 2014 жылы Сыр елі мәдениеті тарихында тұңғыш камера-лық оркестр ашылды. Оркестрге білікті мамандар тарту мақсатында қызметтік пәтерлер болінді, облыстық бюджеттен қаржы қаралып, оркестрдің материалдық базасы нығайтылды, өлем классиктері шығармаларының партитуралары алынып, алғашқы репер-туары да жасакталды. Оркестрге республикамыздың ең мықты деген камералық, симфониялық оркестрлер майталмандары шақырылып, небәрі 1 жылдың ішінде оркестр аяғынан тік тұрып кетті. Оркестрдің қорқемдік жетек-шісі – халықаралық, республикалық конкурс, байқау,

фестивальдердін лауреаты А.Жанбырбаева, дирижеры – «Күр-мет» орденінің иегері, музыка майталманы К.Ботабаев.

## **МАЗМҮНДЫ ШАРАҒА МӘН БЕРГЕН**

Қызылорда облыстық филармониясы жалпыұлттық Елбасы идеясын жүзеге асыруда өз үлесін қосуда асық. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухан-и жанғыру» мақаласының облыстық жобалық кеңсе аясында 2018 жылы «Ля-ля-фа» балалар мюзикл студиясы құрылды. Аталған жоба облыс әкімдігі мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен талантты балалардың мүмкіндіктерін көрсетіп, сахналық тәжірибе жинап, шығармашылығын шыңдау мақсатында ұйымдастырылып, Т.Бекарыстановтың «Таусылмасын ертегім» қойылымын сахналады. Сонымен қатар, биылғы жылы филармония Елбасының мақаласы аясында жыршы-терме-шілерінің «Аталы сөзден ал кеңес!» атты мысал орындау концертін, қазақтың халық ақыны, композитор, әнші, күйші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері К.Өзірбаевтің 135 жылдығына арналған «Өн кемеңгері» атты концертін және тағы да басқа көптеген ауқымды шаралар ұйымдастырды. «Өн кемеңгері» концертіне абыз атамыздың қызы, әке өнерінің жанашыры, Қазақстан Республикасының «Халық ағарту ісінің үздігі», «Мәдениет қайраткері», ұлағатты ұстаз Тортқен Кенен-қызы құрметті қонақ болды.

Халықаралық би күніне орай, Сыр елінде алғаш рет І республикалық «Ақ кербез» би фестивалі ұйымдастырылып, торт облыстың би ансамблі қатыстырылды. ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілген Қорқыт мұраларын насихаттау мақсатында «Қорқыт мұрасы – мәңгілік дастан» атты «Ақмешіт» фольклорлық ансамблінің концерті, Қазақстанның мәдениет қайраткері Мүсілім Әмзенин дирижер-лауымен Тұрмағамбет халық аспаптар оркестрі, «Сыр самалы» вокалды аспапты ансамблі және камералық оркестрдің «Мәңгілік сарын» атты біріккен концерті өтті. Озбекстан Республикасы, Навои қаласында мемлекетаралық достықты нығайту және бауырлас халыққа қазақ жұртының мәдени-мұрасын, ұлттық өнерін насихаттау мақсатында Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі және жеке орындаушылардың «Сырдария – достық арнасы» атты концерті ұйымдастырылды.

Күллі әлемге дирижерлік шығармашылығын мойындатқан Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері, Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның

халық әртісі, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, біртуар талант иесі Төлепберген Әбдірашевті еске алуға арналған «Әбдірашев әлемі» атты камералық оркестрінің концерті өтті.

## **ЖЕТІСТІК ЖЕМІСІ**

Жарты ғасырға жуық уақыт ішінде киелі ортаның қалыптасып, аяғынан тік тұруына талай-оңер майталмандары табанды еңбегі мен тынымсыз ізденісін, қажыр-қайратын жұмсады. Бүгінде сол қарашанырақтың туын жықпай, биікте желбіретіп келе жатқан оңер ұжымының жеткен жетістіктері айтарлықтай. Оңерпаздар халықаралық, республикалық байқауларда елдің абыройын асқартатып жүр. Биылғы жылдың өзінде жоғары деңгейдегі байқау-фестивальдерден жүлделі орындарды иеленді.

Атап айтқанда, классикалық орындаушы А.Иманжаппаров Алматы қаласында өткен Қ.Байсейітова атындағы ІХ республикалық вокалистер конкурсынан ІІ орын, күйші Абылайхан Скаков Атырау қаласында ұйымдастырылған «Саз пернелі Сарайшық» атты халықаралық домбырашылар фестивалінде жүлделі І орын, Кетбұға жырау атындағы «Ақсақ құлан» халықаралық күйшілер байқауында ІІІ орын иеленді. Жырау Б.Төлеубаев халық ақыны Қ.Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым!» атты республикалық әншілер конкурсынан және «Өн-дария» атты республикалық дәстүрлі орындаушылардың байқауында ІІ орын, дирижер Р.Балмасов Б.Рзаханов атындағы «Сикырлы таяқша» атты республикалық дирижерлер байқауында ІІІ орынды иемденді. Сондай-ақ, «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі Ақтөбе қаласының 150 жылдығы және Г.Жүбанова атындағы облыстық филармонияның 75 жылдығына орай өткен «Жүбановтар әуені» халықаралық ұлт аспап-тар оркестрлері және ансамбльдердің фестиваль-байқауынан бас жүлдені еншіледі. Оз кезегінде камералық оркестрдің шағын құрамы «ӨУЕН FEST» қазақ камералық музыка фестивалінде ІІІ орын, оркестр әртісі, скрипкашы О.Раджапов Біріккен Араб Әмірліктерінің Дубай қаласында өткен ІІІ халықаралық «Jumeirah Sounds» конкурсында ІІ орын алды.

Сыр елі – әуелден оңердің ордасы. Мұнда келгенде жыршымын деп айту да – қателік. Баба оңері балаға дарыған. Сондықтан болар, облыстық оңер мекемелерінің қай-қайсысы болмасын, жетістікке жетуің- араға күн салып та тоқтатар емес.

**Рыскелді СӘРСЕНҮЛЫ**